

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫ МЕН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДІҢ, ЛИЦЕЙЛЕР МЕН ГИМНАЗИЯЛАРДЫҢ
МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ
ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ**

**ИНСТРУКТИВНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ПИСЬМО
ПО ОРГАНИЗАЦИИ ВОСПИТАТЕЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО
ПРОЦЕССА В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ И
ПРЕДШКОЛЬНЫХ КЛАССАХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛ,
ЛИЦЕЕВ И ГИМНАЗИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В 2026-2027 УЧЕБНОМ ГОДУ**

Астана, 2026

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2026 жылғы 25 маусымдағы №7 хаттама) ұсынылады.

2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат, Астана қ. 2026 ж.— 83 бет.

2026-2027 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың басшыларына, басшылардың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына, мектепалды сынып педагогтеріне арналған.

МАЗМҰНЫ

1	Кіріспе Нормативтік-құқықтық база	5
2	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету	10
3	Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру	11
	Мектепке дейінгі ұйымдарында	11
	Түрлі жас топтарында	13
	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу	14
	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау	15
	Тыңдау және түсіну, байланыстырып сөйлеу және диалогтік сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын және сөйлеу қарым-қатынас мәдениетін дамыту.	17
	«Тілге бойлау» бағдарламасын кеңейту шеңберінде қазақ тілін үйрену және практикалық тұрғыда қолдану үшін тілдік орта қалыптастыру	19
	Тәрбиеленушілерді салауатты өмір салтына баулу	20
	Цифрлық ресурстар мен технологияларды қолдану;	21
	Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру (мерекелер, ертеңгіліктер, сауық-кештер)	23
4	Мектепалды даярлық	25
	Мектепалды даярлықты ұйымдастыру	25
	Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы	27
	«Балақайлар мектебі» мектепалды даярлықтың қысқа мерзімді бағдарламасы	28
5	«Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті жетілдіру	28
6	Жауапты және заңға бағынатын тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған «Заң мен тәртіп» идеологиясының қағидаттарын іске асыру	30
7	Буллингтің алдын алу және мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ету	31
8	«Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» ерте кәсіптік бағдар беру	33
9	Академиялық адалдықты қамтамасыз ету	34
10	Құзыреттілік орталықтары мен мобильді топтардың қызметін жетілдіру	35

11	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің қызметін жетілдіру	36
12	1-қосымша	39
13	2-қосымша	42

Кіріспе

2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының басымдықтарына, Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының ережелеріне, білім беру саласындағы заңнамаға, білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық құжаттарына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Балаларды ерте жастан бастап базалық құндылықтарға, мінез-құлық мәдениетіне, дербестікке, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа, басқа адамдарға, отбасына, қоғамға және өз еліне құрметпен қарауға тәрбиелеуге, сондай-ақ олардың үйлесімді дамуы, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге жағдай жасауға ерекше мән беріледі.

Тәрбиелеу-білім беру процесі негізгі бағыттарды ескере отырып құрылады:

- тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру (мектепке дейінгі ұйымдарда, әртүрлі жастағы топтарда, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен);
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу;
- тыңдау және түсіну, байланыстырып сөйлеу және диалогтік сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын және сөйлеу қарым-қатынас мәдениетін дамыту;
- «Тілге бойлау» бағдарламасын кеңейту шеңберінде қазақ тілін үйрену және практикалық тұрғыда қолдану үшін тілдік орта қалыптастыру;
- тәрбиеленушілерді салауатты өмір салтына баулу;
- цифрлық ресурстар мен технологияларды қолдану;
- іс-шараларды (мерекелер, ертеңгіліктер, ойын-сауықтар, бос уақытты ұйымдастыру іс-шараларын) өткізу;
- мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету – мектептегі оқу жүктемесін мерзімінен бұрын енгізбей, оқу іс-әрекетінің алғышарттарын, танымдық белсенділікті, дербестікті, коммуникативтік және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды қалыптастыру;
- «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде тазалық пен тәртіп мәдениетін, экологиялық жауапкершілікті және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру;
- «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасына сәйкес жауапты және заңға бағынатын тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған «Заң және тәртіп» қағидаттарын іске асыру;
- «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарда буллингтің алдын алу;

- «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» ерте кәсіптік бағдар беру;
- академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру;
- Құзыреттілік орталықтары мен мобильді топтардың қызметін жетілдіру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің қызметін жетілдіру.

Аталған бағыттарды іске асыру жекелеген іс-шаралардың жиынтығы ретінде емес, баланың күнделікті өмірінің мазмұны, ойын әрекеті, қарым-қатынас, бірлескен іс-әрекет, педагогтермен және құрдастарымен өзара әрекеттесу, сондай-ақ отбасымен ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі бағдары – әрбір тәрбиеленушінің өз қабілеттерін ашуына, қажетті өмірлік дағдыларды меңгеруіне және Қазақстан Республикасының азаматы тұлғасының негіздерін қалыптастыруына мүмкіндік беретін дамытушы, қауіпсіз және қолайлы орта құру.

1. Нормативтік-құқықтық база

2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында тәрбие-білім беру процесі нормативтік құқықтық актілердің (бұдан әрі – НҚА) негізінде жүзеге асырылады.

1-кесте – НҚА тізбесі

I. Қазақстан Республикасының Конституциясы		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000
II. Қазақстан Республикасының кодекстері		
2	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі	adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414
3	Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі	adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360
III. Қазақстан Республикасының заңдары		
4	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319
5	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293
6	«Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345
7	«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306
8	«Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343
IV. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары		
9	Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы	adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249
10	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі	adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137
11	«Қазақстан балалары» 2026–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы	adilet.zan.kz/kaz/docs/P2600000056
V. Уәкілетті органдардың бұйрықтары (ведомстволық нормативтік құқықтық актілер)		
12	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031
13	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275
14	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы	adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235

15	Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329
16	«Мектепке дейінгі ұйымдар мен бала үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469
17	Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166
18	Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323
19	Мектепке дейінгі ұйымдар үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарты	adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227
20	Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750
21	Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықпен және жиһазбен жарақтандыру нормалары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272
22	Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883
23	Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708
24	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттар тізбесі	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317
25	Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619
26	Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны мектепке дейінгі ұйымдарда сайлау тәртібі	adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584
27	Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыруға қойылатын стандарттар мен талаптар	adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239
28	«Үздік педагог» атағын беру қағидалары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020472
29	Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317
30	Педагогтік қайта даярлау қағидалары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020147
31	Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053

32	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңестің қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі	adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005229
33	Оқытудың кредиттік технологиясын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138
34	Оқытудың кредиттік технологиясын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі	adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016137
35	Өрт қауіпсіздігі қағидалары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867
36	Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414
37	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен бағдарламалары	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618
38	Жоспарлы профилактикалық егулерді алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидалары және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейі (ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-289/2020 бұйрығы)	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021832
39	Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің қызмет ету қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің № 92 бұйрығы)	adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036047

Қолданыстағы НҚА-ге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланады <https://adilet.zan.kz/> .

Педагогтер кәсіби қызметінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Үлгілік оқу жоспарларының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының электрондық нұсқаларын пайдалана алады.

2. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – Стандарт) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәрбиелеу-білім беру процесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Ол балалардың қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға, өз денсаулығына саналы түрде қарауға және күнделікті өмірде қауіпсіздік ережелерін сақтауға бағытталған.

Тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті:

- үйде, балабақшада, көшеде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық туралы түсініктерді қалыптастыруды;
- жол қозғалысы ережелерін үйретуді;
- тұрмыстық заттармен қауіпсіз жұмыс істеу дағдыларын дамытуды;
- бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде сақтық танытуға баулуды;
- өзінің және айналасындағылардың денсаулығына қамқорлық танытуды;
- төтенше жағдайларда орындалатын қарапайым әрекеттерді меңгеруді;
- өзінің әрекеттеріне жауапкершілікпен қарау және қауіпсіздік ережелерін сақтауды қамтиды.

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балалардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру режимдік сәттер мен ұйымдастырылған іс-әрекет және ойын әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиешілер күні бойы жас тобының күн тәртібіне сәйкес түрлі балалар әрекеттерін (1-қосымша) ұйымдастырады, мұнда әрбір режимдік сәт қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша теориялық түсініктер мен практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін қойылған міндетке байланысты қолданылады:

- балалармен әңгімелесу;
- серуен;
- еңбек, шығармашылық әрекет;
- дидактикалық, қимылды және сюжетті-рөлдік ойындар;
- педагогтің балалар көркем әдебиетін оқып беруі;
- иллюстрацияларды қарау;
- бейнесюжеттерді қарау;
- эксперимент жасау;
- ата-аналармен жұмыс.

Тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру үшін басшылыққа алу ұсынылады:

- Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар <https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/06/d1006.pdf>

-Төтенше жағдайлар мен табиғи апаттар кезінде мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған әдістемелік ұсынымдар

https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/mr_28102_022.pdf

- Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдайлар жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық

https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/MR_1.pdf

3. ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Мектепке дейінгі ұйымдарда

МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесі Стандарт, Үлгілік жоспар мен Үлгілік бағдарлама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл нормативтік құжаттар педагогикалық процестің жүйелілігін, сабақтастығын қамтамасыз ете отырып, тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына, құрылымы мен күтілетін нәтижелеріне бірыңғай тәсілдерді айқындайды.

Стандарт:

1) тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;

2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;

3) тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

Стандарт әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға, тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

МДҰ-да жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

✓ ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

✓ кіші топ – 2 жастағы балалар;

✓ ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

✓ ересек топ – 4 жастағы балалар;

✓ мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы)

мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР ОМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы) (әрі-Үлгілік қағидалар) сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

✓ 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);

✓ мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 маусымнан 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

✓ 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;

✓ тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;

- циклограммаға сәйкес жүзеге асады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтер (қазақ тілі педагогімен, дене тәрбиесі жөніндегі (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) ұйымдастырылған іс-әрекеттің Перспективалық жоспарын бірлесіп әзірлейді. Перспективалық жоспарда оқу жылына арналған міндеттер бөлінеді, олар Үлгілік бағдарламаның мазмұнын балалардың меңгеру деңгейіне байланысты қайталануы, толықтырылуы, түзетілуі және өзгертілуі мүмкін.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы МДҰ-ның күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

✓ аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

✓ бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтау;

✓ балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

✓ балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы орта құру.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу кезінде педагог түсіндіруге уақытты көп бөлмей, оның орнына көрсетуге, балалардың әрекеттерді орындауына (іс-әрекеттерге, ойындарға, пікір алмасуға, зерттеулерге, ойдан құрастыруға, сурет салуға, шешім шығаруына) мән беруі қажет.

Педагог әрекетінің алгоритмі:

- балаларға айтып беру;

- балаларға көрсету;

- балалармен бірге орындау.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді барлық топпен де, шағын топтармен де қызығушылық орталықтарында, тек топ бөлмесінде ғана емес, сондай-ақ жатын, қабылдау бөлмелерінде, арнайы кабинеттерде (бар болған жағдайда), дәліздерде, ойын алаңдарында және т.б. балаларға қауіпсіз, жайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

Сонымен қатар, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктірілген әрекет түрінде өткізуге болады, онда тақырып балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып таңдалады және оны жүзеге асыру үшін қажетті материалдармен қамтамасыз етіледі. Мысалы, балаларға табиғи және қалдық заттар, көлемді қағаздар, қаламдар, бояулар, желім, конструкторлар және басқа материалдар ұсынуға болады. Балаларға заттар мен құралдарды зерттей отырып, бір-бірімен сөйлесу, туындаған мәселелердің шешімін бірге табу арқылы тапсырмаларды өз бетінше орындауға мүмкіндік беру қажет. Тәрбиелеу-білім беру процесі педагог тарапынан сұрақтар қойылып, сол сұрақтарға жауап алумен ғана шектелмеуі, балаларға пікірлерін еркін айтуға ықпал етуі қажет. Педагогтің міндеті — балалардың физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту үшін жағдайлар жасау. Мұны қарапайым зерттеулер жүргізу, сурет салу, құрастыру, жапсыру, көркем шығармашылық, оқиғаларды әңгімелеу және түрлі балалар әрекеттері арқылы іске асыруға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық, психикалық және эмоционалдық денсаулығын сақтау мақсатында МДҰ-да смартфондарды, планшеттерді, смарт-сағаттар мен өзге де дербес электрондық құрылғыларды қолдануды шектеу ұсынылады.

Бұл маңызды!

«Бақылау парақтарына» сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттердің және күн тәртібінің жүргізілуіне меңгеруші мен әдіскер бақылауды жүзеге асырады.

<https://irrd.kz/monitoring#28-42-2023-2024-uchebnyj-god>

3.2. Түрлі жас топтарында

Үлгілік қағидаларға сәйкес жас ерекшелігі әртүрлі жас топтарының толықтырылуы:

1) топта жас ерекшелігі екі түрлі (1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) балалар болған жағдайда бала саны - 15 баладан артық емес;

2) топта жас ерекшелігі үш түрлі (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар, 5 жастағы балалар) балалар болған жағдайда бала саны - 20 баладан артық емес.

Түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастырудың маңызды шарты балалардың әрекеттерін ұтымды жоспарлау болып табылады.

Педагог:

- барлық жас топтарындағы бағдарламалық міндеттерді, күтілетін нәтижелерді білуі;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жас және психологиялық-педагогикалық негіздеріне сәйкес балалар әрекетінің мазмұны мен нысандарын қарастыруы;

- қойылған міндеттерді іске асыруға, күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін оңтайлы құралдар мен әдістерді таңдауы;

- балаларды тек жас ерекшеліктеріне ғана емес, сондай-ақ басқа да сапалық көрсеткіштері: жеке мүмкіндіктері, даму деңгейі, ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бойынша шағын топтарға бөлуі;

- педагогикалық бақылауды жүзеге асыруы, әрбір баланың қиындықтары мен жетістіктерін түсінуі және көре білуі қажет.

Топта жас ерекшелігі екі және үш түрлі балалар болған жағдайда Үлгілік бағдарламаның міндеттері балалардың жастарына сәйкес жеке көрсетіліп (мысалы 3, 4 және 5 жастағы балалар үшін) ортақ бір перспективалық жоспар жасалады. Циклограмма жасау кезінде Перспективалық жоспарда ұсынылған міндеттерді іске асыру үшін балалардың түрлі әрекеттері айқындалады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда: топтың жас ерекшелік құрамын, балалардың жеке ерекшеліктерін, мазмұнның сабақтастығын, әрекет түрлерін кезектестіруді, бірлескен және дербес әрекетті үйлестіруді, балалардың өзара бір-бірінен үйренуіне жағдай жасауды ескеру маңызды.

Түрлі жас топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары мен Тәрбиелеу-білім беру процесі циклограммасының үлгілері Әдістемелік ұсынымдарда берілген.

Бұл маңызды!

Түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу ұсынылады.

<https://irrd.kz/metodicheskie-razrabotki/2025-god-2>

3.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу

Мониторинг түрлі жас топтарының Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге педагогтің қол жеткізу деңгейлерін және педагогтің баламен жеке жұмыс жүргізуде алдағы әрекетін анықтауға мүмкіндік береді.

Мониторинг жүргізуде педагог Стандарт талаптарын, Үлгілік бағдарламаның мазмұнын, бақылау парақтары мен жеке картаны толтыру тәртібін ескеру қажет.

Педагог мониторинг жүргізу әдістерін (бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, балалар әрекеті нәтижелерін зерттеу) және Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейін есептеу әдістерін білуі тиіс.

Мониторинг оқу жылында 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық бақылаудан басталады.

Мониторинг нәтижелері бойынша Жеке даму картасы толтырылады, онда критерийлер бойынша орташа және төмен деңгей көрсеткен балалармен дамыту және/немесе түзету шаралары жазылады.

Мониторинг нәтижелері одан әрі тәрбиелеу – білім беру процесін жоспарлау үшін қолданылады және Үлгілік бағдарламаға сәйкес тіркеледі, ал қорытынды көрсеткіштер Ұлттық білім беру деректер қорына енгізіледі.

Бұл маңызды!

Мониторинг жүргізуде:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын мектеп жасына дейінгі балалардың меңгеруі бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын қолдану ұсынылады

https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/monitoring/2023/09/monitoring_1509.pdf

3.4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушінің даму ерекшеліктері, қабылдау және қарым-қатынас тәсілі, зейін тұрақтылығы, сенсорлық ерекшеліктері, қозғалыс мүмкіндіктері және өздігінен әрекет ету деңгейі ескерілуі тиіс (Мысалы, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар тәрбиеленушіге күн тәртібі мен алдағы әрекеттерді алдын-ала түсіндіру үшін визуалды күн тәртібі, пиктограммалар және «алдымен–содан кейін» қағидаты қолданылуы мүмкін. Тәрбиеші «алдымен ойыншықтарды жинаймыз, содан кейін серуенге шығамыз» деген әрекеттер ретін суреттер арқылы көрсетеді. Бұл тәсіл тәрбиеленушінің күн тәртібін түсінуіне, ауысу кезеңдеріндегі алаңдаушылығын төмендетуге және өздігінен әрекет етуін қолдауға мүмкіндік береді).

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында жеке және сараланған тәсілдерді қолдану

Ұйымдастырылған іс-әрекет мазмұны, тапсырманың көлемі, орындау уақыты, нұсқаулықтың берілу тәсілі және қажетті қолдау деңгейі тәрбиеленушінің жеке мүмкіндіктеріне сәйкес саралануы тиіс (Мысалы, есту

кабілеті зақымдалған тәрбиеленушіге жаңа сөздерді меңгертуде ауызша түсіндірумен қатар заттың нақты үлгісін, суретін, қимылын және жазбаша/визуалды белгісін қолдану ұсынылады. «Көлік» тақырыбын меңгерту барысында тәрбиеші көліктің ойыншық үлгісін көрсетіп, оның суретін және атауын ұсынады, артикуляциялық қимылды анық көрсетеді. Қажет болған жағдайда тактильдік қолдау немесе ымдау тілінің элементтері және дыбысты күшейтуге арналған ассистивті технологиялар пайдаланылады).

Тәрбиеленушінің физикалық қасиеттерін, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық қолдау көрсету

Педагогикалық қолдау тәрбиеленушінің нақты даму мүмкіндіктеріне бағытталып, коммуникативтік бастамасын, танымдық белсенділігін, эмоциясын реттеуін және қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға ықпал етуі қажет (Мысалы, сөйлеу тілі бұзылыстары бар тәрбиеленушімен коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру үшін таңдау жасау әдісі, модельдеу, қайталау және визуалды тірек, альтернативті және қосымша коммуникация (АҚК) құралдары қолданылуы мүмкін. Тәрбиеші «Саған алма керек пе, алмұрт керек пе?» деп екі суретті ұсынады және тәрбиеленушінің сөзбен, ыммен немесе суретті көрсету арқылы таңдау жасауына мүмкіндік береді. Осы арқылы баланың функционалдық коммуникациясы біртіндеп қалыптастырылады).

Дамытушы ортаны ұйымдастыру

Ерекше балалар үшін дамыту ортасы физикалық тұрғыдан қауіпсіз, эмоционалдық тұрғыдан қолайлы және оның сенсорлық қажеттіліктерін ескеретіндей ұйымдастырылуы тиіс. Кеңістікті құрылымдау, тыныш аймақ ұйымдастыру, визуалды белгілер мен тұрақты әрекет алгоритмдері және қажет болған жағдайда сенсорлық реттеуді қолдайтын ассистивті құралдар пайдаланылады (Мысалы, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар немесе сенсорлық ерекшеліктері байқалатын тәрбиеленушіге топ бөлмесінде қысқа уақытқа тынышталуға арналған арнайы тыныш аймақ қарастырылуы мүмкін. Бала шамадан тыс дыбыстық немесе визуалды әсерден шаршаған жағдайда тәрбиеші оны жазалау мақсатында емес, өзін-өзі реттеуіне жағдай жасау үшін осы аймақты пайдалануына мүмкіндік береді).

Тәрбиеленушінің құрдастарымен өзара әрекеттесуін және әлеуметтік бейімделуін қолдау

Құрдастарымен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру кезінде бірлескен ойын, жұптық және шағын топтық жұмыс, үлгі көрсету, әлеуметтік оқиғалар және құрдастар арқылы қолдау технологиялары қолданылады (Мысалы, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар тәрбиеленушіге бірлескен ойын кезінде «кезек күту», «ойыншықты сұрау», «ойынды аяқтау» әрекеттері әлеуметтік оқиға немесе

қысқа визуалды нұсқау арқылы алдын-ала көрсетіледі. Тәрбиеші алдымен әрекетті өзі көрсетіп, кейін баланың құрдасымен бірге орындауына жағдай жасайды. Қажет болған жағдайда қарым-қатынасты жеңілдету үшін коммуникациялық карточкалар немесе АҚК құралдары қолданылады).

Ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара ынтымақтастықты ұйымдастыру

Тәрбиеленушіге көрсетілетін педагогикалық қолдаудың тиімділігін арттыру мақсатында тәрбиеші ата-аналармен жүйелі түрде ақпарат алмасып, баланың жетістіктері, қиындықтары және қолданылатын тиімді тәсілдер туралы өзара ынтымақтастыққа бағытталған жоспарлы жұмыс жүргізуі қажет (Мысалы, тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар тәрбиеленушінің ата-анасымен бірлесіп, баланың өздігінен киіну, заттарды жинау, тамақтану сияқты күнделікті дағдыларын қалыптастырудың бірыңғай алгоритмі әзірленуі мүмкін. Қажет болған жағдайда үйде және мектепке дейінгі ұйымда қолданылатын ассистивті құралдарды пайдалану тәсілдері бойынша ата-анаға түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Топта қолданылатын әрекет реті үй жағдайында да сақталса, бала үшін талаптардың тұрақтылығы қамтамасыз етіледі).

Тәрбиеленушінің жетістіктерін оның жеке даму динамикасына сәйкес бақылау және бағалау

Ерекше балалардың жетістіктерін бағалау кезінде оны басқа балалардың нәтижелерімен салыстыруға емес, оның бастапқы деңгейіне қатысты жеке даму динамикасын анықтауға басымдық берілуі қажет. Бақылау нәтижелері педагогикалық қолдау тәсілдерін түзету үшін пайдаланылуы тиіс (Мысалы, сөйлеу тілінің бұзылыстары бар тәрбиеленушінің жетістігі тек толық сөйлеммен жауап беру деңгейімен емес, оның сөзді, ым-ишараны, суретті, коммуникациялық карточканы немесе АҚК құралын пайдаланып өз қажеттілігін білдіру жиілігінің және дербестігінің артуымен де анықталуы мүмкін. Мұндай жағдайда бақылау парағы немесе баланың жеке даму картасы тіркеледі).

3.5. Тыңдау және түсіну, байланыстырып сөйлеу және диалогтік сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын және сөйлеу қарым-қатынас мәдениетін дамыту.

Соңғы жылдары мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуінің даму деңгейінің төмендеуі байқалады, бұл олардың шектеулі сөздік қорынан, байланыстырып сөйлеуінің жеткіліксіз қалыптасуы мен дыбыстарды анық айта алмауы және өз ойын еркін жеткізе алмауынан көрінеді. Бұл қиындықтар көбінесе бала мектепке барған кезеңге дейін сақталады және одан әрі оқытуда әсерін тигізуі мүмкін.

Осыған байланысты барлық жас топтарында тәрбиеленушілердің сөйлеуін дамыту бойынша жұмысты күшейту ұсынылады. Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру ұйымдастырылған іс-әрекет, режимдік сәттер,

балалардың ойын, танымдық, шығармашылық және дербес әрекеті барысында жүйелі жүзеге асырылуы тиіс.

Ауызекі сөйлеуді дамытуға, сөздік қорды байытуға, грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеуді қалыптастыруға, дыбыстарды анық айтуды жетілдіруге, диалогтік және монологтік қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару қажет.

Педагогтерге балаларды белсенді қарым-қатынас жасауға, оқиғаларды талқылауға, пікір алмасуға, шығарма мазмұнын қайталап айтып беруге, сурет бойынша әңгімелеуге, заттар мен қоршаған әлем құбылыстарын сипаттауға ынталандыратын тілдік орта құру ұсынылады.

Жұмыстың тиімділігін арттыру үшін көркем әдебиетті, театрландырылған әрекетті, сюжетті-рөлдік ойындар мен тіл дамытуға арналған ойындарды қолдану, өлеңдер жаттату, жұмбақтар шешу мен құрастыру, әңгімелесу, отандық авторлардың шығармаларын оқып беру және оларды талқылау ұсынылады. Әрбір балаға күн сайын ересектермен және құрдастарымен сөйлесуге мүмкіндік беру маңызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кітап оқудың білім беру мен тұлғаны дамытудың негізі ретіндегі маңызын айтып, «Кітап оқу мәдениеті біздің мәдени кодымыздың ажырамас бөлшегіне, ұлт сапасын арттыратын маңызды қадамдардың біріне айналуы тиіс» деп атап өтті. Президенттің «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» (ҚР Президентінің 2026 жылғы 16 мамырдағы жарлығы) жарлығында кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру мәдениет, білім беру және инновациялар салаларындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып айқындалған. Кітап оқу дүниетанымды кеңейтуге, сыни ойлауды, сөйлеу мәдениеті мен танымдық белсенділікті дамытуға ықпал етеді. Қазіргі жағдайда балалар мен ересектерді жүйелі түрде кітап оқуға ынталандыратын орта ұйымдастыру маңызды болып табылады.

«Зерделі ұлт» қалыптастыру бастамасын іске асыру мектепке дейінгі жастан басталады, өйткені дәл осы кезеңде баланың тілін, танымдық белсенділігін дамытудың, кітапқа қызығушылыққа баулудың негізі қаланады. Қалыптасқан тілдік құзыреттілік көркем әдебиетті қабылдаудың, шығармалардың мазмұнын түсінудің және кітапқа қызығушылыққа баулудың маңызды шарты болып табылады. Баланың сөздік қоры бай, сөз бен коммуникативтік дағдыларды түсіну деңгейі жоғары болса, ол көркем шығармаларды жақсы қабылдайды және өзіне оқып берген шығармалардың мазмұнын түсінеді.

Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыру аясында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес кітаптарға, балалар журналдарына және иллюстрациялары бар басылымдарға еркін қол жетімділікті қамтамасыз ететін жайлы оқырман ортасын ұйымдастыру ұсынылады.

Балаларға күн сайын көркем әдебиет шығармаларын оқып беруге, оқылған шығармалардың мазмұнын талқылауға, кейіпкерлер мен олардың әрекеттері туралы әңгімелесуге, әдеби шығармалардың мазмұнын айтып беру және өлеңдерді жаттатуға ерекше назар аудару ұсынылады.

Жұмыстың тиімді нысандары:

- балабақша аумағында ашық аспан астында «Open air library» заманауи кітап бұрышын ұйымдастыру, балабақша ғимаратында кітап бұрыштарын ашу, «Мобильді кітапханалар» жұмысын жетілдіру;

- әдеби кездесулер: «Кітаппен келген қонақ» жергілікті ақындар мен жазушылардың шығармашылығымен заманауи форматта таныстыру;

- «Бір күнде бір ертегі» дәстүрлі іс-шаралар: балалардың кітапқа қызығушылығын қалыптастыру үшін күн сайын 10-15 минут ертегі оқып беру;

«Бірге оқимыз»: ата-аналар мен балалар арасындағы эмоционалды байланысты нығайту мақсатында отбасымен бірге кітап оқу;

- «Бірге кітап жасайық» шығармашылық жобасы: кітаптарды бірлесіп жасау;

- «Кітаптан қойылымға»: балаларға арналған шығармалардың желісі бойынша театрландырылған қойылымдар.

Педагогтерге отансүйгіштікке тәрбиелеуге, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және Қазақстан халқының мәдени мұрасын сақтауға ықпал ететін халық ауыз әдебиеті шығармаларын, қазақ халық ертегілерін, мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштарды, сондай-ақ қазақстандық балалар жазушыларының шығармаларын кеңінен қолдану ұсынылады.

Бұл маңызды!

Күнделікті жағдайларда сөйлеуді дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдарды <https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2025/08/r/d13.pdf> және Инновациялық әдістерді қолдана отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2024/mrr09.pdf қолдану ұсынылады

3.6. «Тілге бойлау» бағдарламасын кеңейту шеңберінде қазақ тілін үйрену және практикалық тұрғыда қолдану үшін тілдік орта қалыптастыру

Қазіргі уақытта «Тілге бойлау» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) оқыту орыс тілінде жүргізілетін республика мектепке дейінгі ұйымдарында кеңінен енгізілуде.

Бағдарламаны кеңейту мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тілде тұрақты әрі табиғи тілдік орта қалыптастыруға бағытталған. Мұндай ортада

тәрбиеленушінің күнделікті өмірде қазақ тіліндегі сөйлеуді үнемі естуіне, түсінуіне және қолдануына мүмкіндік беріледі.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – тәрбиеленушілерге қазақ тіліндегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін үйретумен ғана шектелмей, мемлекеттік тілді шынайы қарым-қатынас құралы ретінде қолдану қажеттілігін қалыптастыру. Тілдік даму қарым-қатынас, ойын, күн тәртібі сәттері, бірлескен іс-әрекет, сондай-ақ құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарлама:

- мемлекеттік тілге тұрақты қызығушылықты және оны үйренуге жағымды эмоционалдық қатынасты қалыптастыруға;
- мектепке дейінгі ұйымда табиғи қазақтілді орта құруға;
- тәрбиеленушілердің сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөйлеуді тыңдау және түсіну дағдыларын дамытуға;
- тұрмыстық және ойын жағдайларында қазақ тілін қолдану қабілетін қалыптастыруға;
- тәрбиеленушілердің сөйлеу белсенділігі мен коммуникативтік бастамашылдығын арттыруға;
- жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін түсінуден қазақ тіліндегі сөйлеуді өздігінен қолдануға біртіндеп көшуін қамтамасыз етуге;
- ата-аналарды (занды өкілдерді) «балабақша – отбасы» бірыңғай тілдік кеңістігін қалыптастыруға тартуға ықпал етеді.

Тілдік ортаның табиғилығына ерекше мән беріледі. Тәрбиеленуші тілді оны үнемі естіп, нақты коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қолданудың қажеттілігін түсінген кезде неғұрлым тиімді меңгереді. Мысалы: өтініш білдіру, жауап беру, амандасу, өз қалауын айту, заттың атауын атау, құрдасына немесе ересекке жүгіну, ойынға қатысу.

Бағдарламаны кеңейтудің мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік тілге жүйелі әрі қолжетімді түрде енуін қамтамасыз ету және оны практикалық тұрғыдан қолдануға жағдай жасау.

3.7. Тәрбиеленушілерді салауатты өмір салтына баулу

Мектепке дейінгі жаста салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру – баланың балабақшадағы күнделікті өмірінің бір бөлігі. Осы кезеңде баланың болашақта өз денсаулығына саналы түрде қарауы қалыптасады, сондай-ақ өзіне қамқорлық жасау қызықты, пайдалы және барлығына қол жетімді болуы мүмкін екенін түсінеді. Денсаулық туралы тек айтып қана қоймай, баланың күн сайын салауатты өмір салтын ұстанудың оң тәжірибесін меңгеруіне мүмкіндік беретін жағдайлар жасау маңызды.

Салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру бойынша жұмысты күні бойы түрлі балалар әрекеті, режимдік сәттер, ойын, қарым-қатынас және ересектер мен балалардың бірлескен әрекеттері арқылы жүзеге асыру ұсынылады.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

- ✓ күн сайын қимыл белсенділігіне қажеттілікті және қимылды ойындарға қызығушылықты қалыптастыру;
- ✓ мәдени-гигиеналық дағдылар мен өзіне-өзі қызмет көрсетуде дербестікті дамыту;
- ✓ пайдалы және құнарлы тамақтану туралы түсінік қалыптастыру;
- ✓ дене тәрбиесі құралдары, қимылды және ұлттық ойындар арқылы денсаулықты нығайту;
- ✓ эмоционалды әл-ауқатты дамыту, өз сезімдерін түсіну және оларды басқару қабілетін қалыптастыру;
- ✓ өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына баулу.

Балаларға тек ақпарат алуға ғана емес, әрекет етуге, зерттеуге және жаңалық ашуға мүмкіндік беретін жұмыс нысандары неғұрлым тиімді болып табылады (*2-қосымша*).

3.8. Цифрлық ресурстар мен технологияларды қолдану

Қазіргі жағдайда цифрлық технологиялар тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру, әдістемелік жұмысты жетілдіру, ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту және тәрбиелеу-білім беру процесін басқарудың тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін кеңейте отырып, педагогтің кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі болып отыр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіне цифрлық технологияларды енгізу сапалы білім беру ресурстарына, инновациялық педагогикалық тәжірибелерге және кәсіби қызметтің заманауи құралдарына қолжетімділікті қамтамасыз ететін заманауи дамытушы ортаны құруға бағытталған. Бірақ цифрландыру негізгі мақсат ретінде емес, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіру құралы ретінде қарастырылады.

Цифрлық технологиялар педагогтерге сапалы білім беру материалдарын дайындауға, дидактикалық ойындар мен жаттығулар, презентациялар, бейнематериалдар, интерактивті тапсырмалар, виртуалды экскурсиялар, көрнекі құралдар мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге кеңінен мүмкіндік береді. Цифрлық құралдарды қолдану тәрбиелеу-білім беру процесінде қолданылатын көрнекіліктер санын арттыруға, жұмысты түрлендіруге және тәрбиелеу-білім беру процесін әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіруге ықпал етеді.

Цифрландырудың маңызды бағыты электрондық білім беру ресурстарын, цифрлық платформаларды, электрондық кітапханаларды, білім беру порталдарын және педагогтердің кәсіби қауымдастықтарын қолдану болып табылады. Бұл ресурстар заманауи педагогикалық тәжірибелермен танысуға, тәжірибе алмасуға, кәсіби іс-шараларға қатысуға және педагогикалық шеберлікті үздіксіз жетілдіруге мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында педагогтің кәсіби қызметінде жасанды интеллект құралдарын қолдану ерекше өзектілікке ие болуда. Жасанды интеллект ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындалуда, іс-шаралардың сценарийлерін әзірлеуде, дидактикалық материалдар жасауда, көркем шығармаларды таңдауда, әңгімелесуге арналған сұрақтарды құрастыруда, жобалар әзірлеуде, ата-аналарға арналған ақпараттық материалдарды дайындауда, сондай-ақ суреттер, презентациялар және басқа да білім беру ресурстарын құруда көмекші құрал ретінде қолданылуы мүмкін.

Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолдану барысында ақпараттың шынайылығы, академиялық адалдық нормаларының сақталуы, жеке деректердің, авторлық құқықтардың қорғалуы және ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Педагогке цифрлық сервистер ұсынатын және олардың көмегімен жасалатын материалдарды сыни бағалау, олардың тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкестігін тексеру ұсынылады.

Цифрландыру процестерін тиімді іске асыру мақсатында ұсынылады:

- ұйымдастырылған іс-әрекетті дайындау және өткізу, әдістемелік жұмысты және өздігінен білім алуды жоспарлау мен жүзеге асыруда цифрлық ресурстарды қолдану;
- дидактикалық және көрнекі материалдарды әзірлеу үшін заманауи цифрлық сервистерді қолдану;
- білім беру контенті мен әдістемелік материалдарды әзірлеуде жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану;
- педагогтердің цифрлық құзыреттілігін үздіксіз дамытуды қамтамасыз ету;
- цифрлық білім беру платформалары мен желілік педагогикалық қауымдастықтар арқылы кәсіби өзара қарым-қатынасты кеңейту;
- цифрлық қауіпсіздік, құпиялылық және жеке деректерді қорғау талаптарын сақтау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, цифрлық ресурстарды педагогикалық тұрғыдан орынды іріктеуді жүзеге асыру.

Мектепке дейінгі білім беруді цифрландыру тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби дамуына, тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара ынтымақтастықты жетілдіруге және қоғам мен мемлекет дамуының өзекті талаптарына сәйкес заманауи білім беру ортасын ұйымдастыруға ықпал етуі тиіс.

Бұл маңызды!

Мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолдану бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдарды қолдануға ұсынылады

<https://irrd.kz/files/66/KZ---2026/400/-----pdf>

3.9. Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру (мерекелер, ертеңгіліктер, сауық-кештер)

Мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында іс-шараларды, мерекелер мен бос уақытты ұйымдастыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Негізгі назар әрбір тәрбиеленушінің белсенді қатысуына, жағымды эмоциялық тәжірибе қалыптастыруға, сондай-ақ дербестігін, шығармашылығын, коммуникативтік дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерін дамытуға аударылады.

Іс-шаралар мен бос уақытты әртүрлі нысандарда өткізу ұсынылады: тақырыптық және күнтізбелік мерекелер, шығармашылық шеберханалар, спорттық және музыкалық ойын-сауықтар, экологиялық акциялар, танымдық және мәдени іс-шаралар, балалар жұмыстарының көрмелері.

Шамадан тыс регламенттеуге жол бермеу маңызды. Мерекелер мен бос уақытты ұйымдастыру тәрбиеленушілер үшін эмоциялық тұрғыдан жайлы, мазмұнды және қауіпсіздік қағидаттарына сәйкес болуы, сондай-ақ тәрбиеленушінің бастамашылық танытуына және бірлескен іс-әрекеттен қуаныш алуына мүмкіндік беруі тиіс.

Іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуде келесі әдістемелік материалдарды басшылыққа алу ұсынылады:

- Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқалар) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2023/06/01_30.pdf

- Мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында 1 наурыз - «Алғыс айту күнін» атап өту бойынша ұсынымдар https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2024/rec_27ru.pdf

- Мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында 8 наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесін атап өту бойынша ұсынымдар https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2024/rec2_ru.pdf

- Мектепке дейінгі ұйымдар және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктерді ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық <https://irrd.kz/kz/adisnamalykh-azirlemeler/2025-zhyl-2>

- Мектепке дейінгі ұйым жағдайында 1 мамыр мерекесін атап өту бойынша әдістемелік ұсынымдар https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/05/01_05.pdf

- Мектепке дейінгі ұйым жағдайында 7 мамыр мерекесін атап өту бойынша әдістемелік ұсынымдар https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/05/07_05.pdf

- Мектепке дейінгі ұйым жазғдайында 9 мамыр мерекесін атап өту бойынша әдістемелік ұсынымдар
https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/05/09_05.pdf
- Балабақшамен қоштасу мерекелік іс-шарасы бойынша әдістемелік ұсынымдар
https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2024/metod_rek_ds_r.pdf
- мектепке дейінгі ұйымдарда I маусым халықаралық балаларды қорғау күнін атап өту іс-шарасы бойынша ұсынымдар
<https://irrd.kz/metodicheskie-razrabotki/2025-god-2>

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Іс-шаралардың мазмұнына балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес отандық авторлардың өлеңдері мен әндерін жаттатуды енгізу қажет, бірақ тәрбиешілерге ChatGPT көмегімен құрастырылған өлеңдерді қолдану ұсынылмайды.

Іс-шаралардың мазмұнына:

- ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларға ересектерге арналған және романтикалық қарым-қатынастармен байланысты қойылымдар мен әндерді;
- балалардың қабылдауына сәйкес келмейтін элементтері бар қойылымдарды сахналауды;
- іс-шараларда көрсетілетін сахналық қойылымдардың мазмұнында қатыгездік, дөрекілік және зорлық-зомбылық болмауы тиіс;
- тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін салт-дәстүрлерді (сырға салу, қыз қуу, құда түсу және басқа салт-дәстүрлерді өткізбеу);
- тәрбиеленушілердің жастарына сәйкес келмейтін музыкалық шығармалар мен танымал хит әндерді енгізу ұсынылмайды.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және еңбек ету дағдыларын қалыптастыру мақсатында тәрбиеленушілерді қолжетімді, қалдық және қауіпсіз материалдардан (мата, картон, қағаз және басқа материалдар) костюмдер мен реквизиттерді бірлесіп дайындауға тарту ұсынылады. Ата-аналардан қаражат жинау есебінен сахналық костюмдер дайындауды немесе сатып алуды ұйымдастыруға жол берілмеуі тиіс.

4. МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ

4.1. Мектепалды даярлықты ұйымдастыру

Балаларды мектепте оқуға дайындау бойынша жұмыс мектепалды жастағы балалардың жас және жеке ерекшеліктері ескеріліп, жүйелі жүргізілуі тиіс.

Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, негізгі физикалық қасиеттерін дамытуға, ұсақ және жалпы моториканы жетілдіруге, мәдени-гигиеналық дағдылар мен салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыруға назар аудару ұсынылады.

Мектепке дайындаудың маңызды құрамдас бөлігі таным процестерін: зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау, қиял мен сөйлеуді дамыту болып табылады. Балалардың бақылау, салыстыру, талқылау, қарапайым себеп-салдарлық байланыстар орнату, өз ойын жеткізу, әңгімелесуге қатысу, мәтіндерді қайталап айту және әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру қажет. Сөздік қорды байыту мен байланыстырып сөйлеуді дамытуға ерекше мән беру қажет.

Сауат ашу мен математика негіздерін қалыптастыруды практикалық әрекеттерді, көрнекі құралдар мен дидактикалық ойындарды қолданып, ойын түрінде өткізуге болады. Балаларда дыбыстар туралы түсініктерді қалыптастыру, фонематикалық естуді дамыту, кеңістік пен уақытты бағдарлау, санау, заттарды шамасы, пішіні мен саны бойынша салыстыру қабілетін дамыту қажет, сондай-ақ, мектеп бағдарламасының қайталануына және шамадан тыс оқу жүктемесіне жол берілмеуі тиіс.

Мектепалды топтар мен сыныптарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру балаларды одан әрі мектепте оқуға табысты дайындауды қамтамасыз ететін ойын, зерттеу, шығармашылық, жобалау әрекеттеріне негізделуі тиіс.

«Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту балаларды мектепте оқытуға мектепалды даярлық түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылады. Мектепалды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарындағы тәрбиелеу-білім беру процесі:

✓ 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру кезеңі), оқу жылы бойы мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес каникулдар белгіленеді;

✓ мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылады.

Мектепалды даярлық:

- 1) Стандартқа;
- 2) Үлгілік жоспарға

Үлгілік жоспар ұйымдастырылған іс-әрекеттің мынадай түрлерін қамтиды: «Тіл дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Сауат ашу негіздері», «Математика негіздері», «Қоршаған әлеммен таныстыру», «Сурет салу», «Музыка», «Жапсыру», «Мүсіндеу», «Кұрастыру», «Дене тәрбиесі». Мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны аптасына 20 сағатты, бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды;

3) Үлгілік бағдарламаға сәйкес іске асырылады.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнында:

- тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны және оларды кіріктіру;
- тәрбие мен оқытудың сабақтастық, үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету;

- ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижесі қарастырылады.

Педагогтер жылына бір рет перспективалық жоспар әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады. Оқу жылында үш рет Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізеді. Оқу жылының соңында тәрбиеші Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру қорытындылары бойынша Ұлттық білім беру деректер қорына бастауыш сынып мұғалімі бала дамуының одан әрі жеке траекториясын анықтау үшін Жеке картасын толтырады.

Балалардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу:

- мектепке дейінгі ұйымдардағы мектепалды топтарда күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады;

- жалпы білім беретін мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныптарда күннің бірінші немесе екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады.

Бұл маңызды!

Жалпы білім беретін мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу ұсынылады

<https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2025/11/1714k.pdf>

4.2. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы

Мектепке дейінгі білім беру баланың одан әрі мектепте табысты оқуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыру балалардың оқуға деген оң ынтасын қалыптастыруға, және мектеп бағдарламасын меңгеруге дайын болуына ықпал етеді.

Баланың оқуда жетістіктерге қол жеткізуіне МДҰ-ның ықпалы:

✓ Ерікті мінез-құлық және өзін-өзі реттеу дағдылары: партада 35 минут отыру, мұғалімді тыңдау, алаңдамау;

✓ Коммуникативтік дағдылар: педагогтің нұсқауларын түсіну, сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беру, шығармалардың мазмұнын айтып беру, құрдастарымен қарым-қатынас жасай білу, қарындаш пен қылқаламды дұрыс ұстау, сызықтар, штрихтар салу, суреттерді бояу, қиып алу және бөлшектерді жапсыру;

✓ Танымдық дағдылар: салыстыру, топтастыру, санау;

✓ Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар: мінез-құлық ережелерін сақтау, дербестік пен жауапкершілік, өзіне сенімділік, оқуға оң көзқарас таныту, жаңаны тануға қызығушылық, жетістікке қол жеткізуге талпыну, тапсырмаларды орындауға дайын болу дағдыларын қалыптастырады.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін келесі іс-шаралар кешені:

– «1-сыныптың сабақтарына саяхат» мектепалды топтар/сыныптардағы балалардың ата-аналарына арналған виртуалды экскурсия;

– мектепалды топтар/сыныптар тәрбиешілерінің бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтарына қатысуы;

– бастауыш сынып мұғалімдерінің мектепалды топтар/сыныптардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысуы;

– оқу жылының соңында мектепалды топтар/сыныптарының педагогтері Ұлттық білім беру деректер қорына Баланың жеке даму картасын толтыруы;

– бала дамуының жеке траекториясын анықтау үшін 1-сынып мұғалімінің Жеке даму карталарын жинақтауы іске асырылады;

– жазғы кезеңде мектепалды даярлықпен қамтылмаған балалар үшін білім беру ұйымдарының жанында «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлық ұйымдастырылады.

Бұл маңызды!

Әдістемелік сүйемелдеу мақсатында әзірленді:

- Ата-аналарға арналған мобильді консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру және әдістемелік сүйемелдеу бойынша ұсынымдар

<https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2025/03/d-r12.pdf>

- Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен
өзара іс-қимылы бойынша ұсынымдар
<https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2025/04/d-k1410.pdf>

4.3. «Балақайлар мектебі» мектепалды даярлықтың қысқа мерзімді бағдарламасы

Жазғы кезеңде мектепалды жастағы балалар үшін білім беру ұйымдарының жанында ата - аналардың қажеттіліктері ескеріліп, «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлық (әрі-Бағдарлама) ұйымдастырылады.

Баланы ата-аналар өздері тұратын мекенжайға жақын жердегі немесе 1-сыныпқа апаруды жоспарлап отырған орта білім беру ұйымдарындағы «Балақайлар мектебіне» беруіне болады.

Бұл маңызды!

«Балақайлар мектебі» жұмысын ұйымдастыру үшін ұсынылады:
- «Балақайлар мектебі» мектепалды даярлықтың қысқа мерзімді бағдарламасы
https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2024/dr13.pdf

5. «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ АЯСЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы қоршаған ортаны қорғауға және еліміздің табиғи ресурстарын сақтауға, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, табиғатқа қамқорлық жасауға бағытталған.

«Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мектепке дейінгі жастан басталады, осы кезеңде тұлғаның экологиялық мәдениетінің негіздері қалыптасады, табиғатқа құнды көзқарасы дамиды, адам мен қоршаған ортаның өзара байланысы туралы қарапайым түсініктері, сондай-ақ экологиялық сауатты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары қалыптасады.

Бұл міндеттерді іске асырудың практикалық құралы «Жасыл балабақша» жобасы, бүгінгі күні жобаға еліміздің 288 МДҰ- ы тартылды, осы ұйымдарда 221 оқу-тәжірибе алаңы (бақша мен бау-бақша), 71 жылыжай, 39 метеоалаң жабдықталды, сондай-ақ энергия үнемдеуге және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған 29 құрылғы енгізілді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру аясында педагогтерге:

- балаларда қоршаған ортаның тазалығы, судың, ауаның, топырақтың, өсімдіктер мен жануарлардың адам өмірі үшін маңызы, өсімдіктердің өсуі мен дамуы туралы қарапайым экологиялық түсініктер қалыптастыру;

- табиғаттағы қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуді дамыту және адамның қоршаған ортаға тигізетін әсерінің салдарын түсінуге баулу;

- табиғатта және қоғамдық орындарда экологиялық қауіпсіз және мәдениетті мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;

- «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру аясында жауапкершілікті, экологиялық мәдениетті және қоршаған ортаға қамқорлық жасауды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйымның аумағын, ауланы, көшелерді және табиғи нысандарды таза ұстауға тәрбиелеу;

- бақылау мен эксперимент жасау үшін шағын бақшалардың, экологиялық зертханалардың, табиғат бұрыштары мен метеостанциялардың жұмысын ұйымдастыру;

- балаларды шамасы келетін еңбек әрекетіне тарту: өсімдіктер мен жануарларға күтім жасау, аумақты және топ бөлмесін көгалдандыру (терезе алдындағы шағын бақша), ойын алаңдарында тазалықты сақтау;

- күн сайын еңбекке және қоғамдық мүлікке құрметпен қарауды қалыптастыруға бағытталған ойындарды ұйымдастыру: ойыншықтарды жинастыру, өсімдіктерге күтім жасау, топ бөлмесі мен ойын алаңында тазалық пен тәртіпті сақтау, қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау, құрдастары мен ересектерге шамасы келгенше көмек көрсету.

балалардың экологиялық бастамаларын, шағын жобалар мен зерттеу әрекетін жүзеге асыруға жағдай жасау, заманауи ойын технологияларын, экологиялық квесттерді, акцияларды, челленджер мен интерактивті жұмыс нысандарын қолдану;

- табиғи ресурстарды (су, қағаз, электр энергиясы) тиімді пайдалану туралы түсініктерін дамыту;

- балалардың экологиялық білімдерін кеңейту үшін цифрлық және мультимедиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану;

- бақылаулар, экскурсиялар, экологиялық акциялар, тақырыптық күндер, әңгімелесу, экологиялық бағыттағы шығармашылық және зерттеу жобаларын ұйымдастыру, көркем әдебиетті, фольклорды, дидактикалық және қимылды ойындарды қолдану;

- тәрбиеленушілер мен ата-аналардың МДҰ аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына, макулатура жинау, қалдықтарды сұрыптау, ағаштар мен гүлдер отырғызу акцияларына қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналарды еріктілер бастамаларына тарту;

- балаларды туған өлкенің табиғатымен, өңірдің экологиялық проблемаларымен және оларды шешу тәсілдерімен балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес деңгейде таныстыра отырып, өңірлік компонентті қолдану ұсынылады.

Бұл маңызды!

Келесі әдістемелік материалдарды басшылыққа алу ұсынылады:

- Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2024/mr29k.pdf

- Мектеп жасына дейінгі балаларда энергия үнемдеу мәдениетін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

<https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/06/d2k.pdf>

- Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың танымдық және зерттеу әрекетін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2025/1155k.pdf

6. ЖАУАПТЫ ЖӘНЕ ЗАҢҒА БАҒЫНАТЫН ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ИДЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Мектепке дейінгі жаста баланың әлеуметтік құзыреттілігінің негіздері қаланады, әділеттілік, адалдық, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу және қоғамда мінез-құлық ережелерін сақтау туралы бастапқы түсініктері қалыптасады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде «Адал азамат» бағдарламасының құндылық бағдарларына, сондай-ақ құқықтық мәдениетті нығайтуға және қоғамдық тәртіп нормаларын құрметтеуді қалыптастыруға бағытталған «Заң мен тәртіп» қағидаттарына сәйкес тұлғаның негізгі адамгершілік қасиеттері, азаматтық жауапкершілігі және қоғамдағы мінез-құлық нормалары туралы бастапқы түсініктері қалыптастырылады.

Осы бағыттарды іске асыру:

- топта, мектепке дейінгі ұйымда, отбасында және қоғамдық орындарда мінез-құлық нормалары туралы түсініктерді қалыптастыруды;

- бірлескен әрекетте ережелерді, бір-бірімен келісуді және әрекеттердің ретін сақтауға дағдыландыруды;

- «адалдық», «әділеттілік», «мейірімділік», «жауапкершілік» сияқты адамгершілік құндылықтар туралы түсініктерін дамытуды;

- құрдастарымен және ересектермен сыйластықпен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруды;

- бір-біріне құрметпен қарауды дамытуға ықпал ететін, ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы қабылданған әдеп нормаларына негізделген «сәлемдесу» мәдениетін қалыптастыру;

- ересектің көмегімен қарапайым жанжал жағдайларын бейбіт жолмен шешуге баулу;
- балаларды жас ерекшеліктеріне сәйкес қауіпсіздіктің қарапайым ережелерімен және заңды мінез-құлық негіздерімен таныстыруды;
- балалардың топ ережелерін сақтаудағы бастамаларын қолдау және оларды талқылауға қатысуды;
- әлеуметтік жағдаяттарды модельдеу және мінез-құлық нормаларын бекіту үшін сюжеттік-рөлдік ойындарды қолдануды көздейді.

Құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру түрлі балалар әрекеттері арқылы жүзеге асырылады: ойын, коммуникативтік, танымдық, практикалық және шығармашылық. Жұмыс жүргізудің тиімді нысандары: сюжетті-рөлдік ойындар, әңгімелесу, көркем шығармаларды оқып беру және талқылау, шағын жобалар мен тақырыптық апталар. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда адалдық, сыйластық, жауапкершілік, өзара көмек, еңбекқорлық пен қоғамдық ережелерді сақтауға баулитын көркем әдебиет шығармаларын, ұлттық ертегілер мен мультфильмдерді қолдану ұсынылады.

Бұл маңызды!

- Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды әлеуметтегі (отбасы, мектепке дейінгі ұйым, қоғам) құқықтарымен және міндеттерімен таныстыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу ұсынылады

<https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2025/09/1112r.pdf>

7. БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ӘЛ-АУҚАТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мектепке дейінгі жаста буллингтің алдын алу әрбір бала өзін қауіпсіз, жайлы және маңызды тұлға ретінде сезінуіне мүмкіндік беретін қауіпсіз, мейірімді және эмоционалды жайлы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі жаста буллингтің көріністері дене күшін қолдану, сөзбен кемсіту және әлеуметтік шеттету сипатында болуы мүмкін. Олар баланы итеру, ұру, ойыншықтары мен жеке заттарын тартып алу немесе бүлдіру, баланы ойынға қасақана қоспау, мазақ ету, сөзбен ренжіту, сондай-ақ балаға эмоционалды қолайсыздық келтіруге немесе оның бірлескен әрекетке қатысуын шектеуге бағытталған басқа да әрекеттер түрінде көрінуі мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйымдарда буллингтің алдын алу мақсатында педагогтерге:

- топта сыйластықты, сенімділік пен өзара көмек көрсетуді қалыптастыру;
- әрбір балаға мейірімділікпен және әділдікпен қарау;

- балаларды бір-бірімен көпшілік алдында салыстыруға жол бермеу;
 - топқа жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің эмоционалды жайлы бейімделуін қамтамасыз ету;
 - балаларды сыпайы қарым-қатынас жасауға, ынтымақтастыққа және өзара сыйластыққа баулу;
 - келісу, бөлісе білу, кезек күту және шешімдерді бірлесіп қабылдау дағдыларын дамыту;
 - әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін сюжетті-рөлдік ойындарды, ойын жағдаяттарын және театрландырылған әрекеттерді қолдану;
 - басқа адамдардың сезімдері мен көңіл-күйін түсіне білу қабілетін (эмпатияны) дамыту;
 - күн сайын балалармен эмоциялар және оларды білдіру тәсілдері туралы әңгімелесу;
 - өзін-өзі реттеу дағдыларын және жанжалдарды сындарлы жолмен шешу дағдыларын дамыту;
 - балалар арасындағы шиеленістің алғашқы белгілерін дер кезінде байқау;
 - балаларға даулы жағдайларды бейбіт жолмен өз бетінше шешуге көмектесу;
 - физикалық және сөз арқылы агрессияға жол берілмейтіндігін түсіндіру;
 - күнделікті тәжірибе арқылы достық қарым-қатынас ережелерін бекіту.
 - қарым-қатынас жасауда қиындықты сезінетін балаларға ерекше көңіл бөлу;
 - ұялшақ және мазасыз балалардың бірлескен әрекетке қатысуына көмектесу;
 - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасай отырып, оларды қолдау;
 - тәрбиеленушілердің эмоционалды жағдайын жиі бақылау ұсынылады.
- Педагог сыйластыққа негізделген қарым-қатынастың үлгісі болып табылады. Сондықтан:
- педагогикалық әдеп нормаларын сақтау;
 - балалармен сабырлы, мейірімді сөйлесу;
 - әрбір балаға құрметпен қарау;
 - жанжал жағдайларын жазалаусыз, қорлаусыз және қорқытусыз шешу маңызды.

Бұл маңызды!

- Мектепке дейінгі ұйымдарда буллингтің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу ұсынылады
<https://irrd.kz/metodicheskie-razrabotki/2025-god-2>

8. «ЕРТЕ ЖАСТАН ЕҢБЕККЕ ЖӘНЕ КӘСІПКЕ БАУЛУ» ЕРТЕ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ

2026 жылдың қаңтар айынан бастап МДҰ-да мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулуға және әртүрлі мамандықтарға қызығушылықты дамытуға бағытталған «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы іске асырылуда. Жоба ойын, танымдық және практикалық әрекеттер арқылы балаларды ерте кәсіпке баулуға жағдай жасауға ықпал етеді.

Пилоттық жобаны іске асыруға барлығы - 100 мектепке дейінгі ұйым басшысы, 134 әдіскер, 652 тәрбиеші және 8 456 (4 жастағы – 4 494 және 5 жастағы - 3 962 бала) бала қатысуда.

Балаларды еңбекке және кәсіпке баулу Үлгілік бағдарламаға, жобаны іске асыру бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсынымдарға сәйкес келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- ✓ Зергерлік шеберхана
- ✓ Аспаздық шеберхана
- ✓ Тігінші шеберханасы
- ✓ Инженерлік зертхана
- ✓ Құрылыс алаңы
- ✓ Жылыжай, бау-бақша алаңы
- ✓ Қолөнер шеберханасы

Пилоттық жобаны іске асыру үшін «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын іске асыру бойынша іс-қимыл жоспары әзірленді, онда жоба идеяларын іске асыру бойынша - 23 іс-шара жоспарланған, оның ішінде - 8 іс-шара жоба бағыттары бойынша өткізілетін байқаулар.

Аталған жоспарға сәйкес ақпан айында зергерлік шеберхана бағыты бойынша: «Зергер әке – еңбекқор бала» республикалық отбасылық шығармашылық байқауы өткізілді. Байқаудың республикалық кезеңіне 20 өңірден ересек және мектепалды топтардан 53 тәрбиеленуші, 47 педагог және 42 ата-ана (әкелер) қатысты. Байқау қорытындысы бойынша қатысушыларға номинациялар мен дипломдар берілді.

Наурыз айында аспаздық шеберхана бағыты бойынша: «Ұлттық тағамдар – кішкентай аспаздар» республикалық байқауы өткізілді. Байқаудың республикалық кезеңіне ересек және мектепалды топтардан 173 тәрбиеленуші, 61 педагог және 28 ата-ана (аналар мен әжелер) қатысты. Байқау жеңімпаздарына номинациялар мен дипломдар берілді.

Барлық байқаулардың қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары Институттың www.irrd.kz ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында орналастырылды.

Пилоттық жоба 2026 жылдың желтоқсан айында аяқталады. Жоба қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің нәтижелері мен педагогтердің ұсыныстары ескеріліп, одан кейін жоба еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында масштабтауға ұсынылатын болады.

Бұл маңызды!

Мектеп жасына дейінгі балаларда еңбекке оң көзқарасты және мамандықтар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру мақсатында келесі әдістемелік ресурстар әзірленді:

- «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

<https://irrd.kz/pilotnye-proekty/proekt-erte-zhastan-e-bekke-zh-ne-k-sipke-baulu/proekt-erte-zhastan-e-bekke-zh-ne-k-sipke-baulu-2>

- «Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте жастан кәсіпке баулу: болашақ мамандықты меңгерудегі ойын мен шығармашылық» педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар

<https://irrd.kz/metodicheskie-razrabotki/2025-god-2>

9. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогінің кәсіби қызметінде академиялық адалдық өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға жауапкершілікпен қарауынан көрінеді. Бұл ұйымдастырылған іс-әрекетке мұқият дайындықты, тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы жоспарлауды, тәрбиеленушілердің Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеруіне мониторингті объективті жүргізуді, педагогикалық құжаттаманы шынайы жүргізу және тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың барлығына, оның ішінде тәрбиеленушілердің ата-аналарына нақты ақпарат беруді, авторлық құқықтарды сақтауды және зияткерлік меншікке құрметпен қарауды көздейді.

Академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру тәрбиелеу-білім беру процесінің маңызды бағыты болып табылады және тұлғаның адамгершілік қасиеттерін, адалдықты, жауапкершілікті, әділдікті, өз еңбегінің және өзге адамдардың еңбегінің нәтижелеріне құрметпен қарауды дамытуға бағытталған. Балалардың нәтижеге өз күшімен жетуге талпынуын, өзінің жетістіктері мен қателіктерін мойындауын, құрдастарының жетістіктерін құрметтеуді және бірлескен әрекетте мейірімділік танытуын қалыптастыруға ерекше назар аудару ұсынылады.

Бұл маңызды!

Келесі әдістемелік материалдарды басшылыққа алу ұсынылады:

- Академиялық адалдықты қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтеріне арналған ұсынымдар

<https://irrd.kz/metodicheskie-razrabotki/2025-god-2>

- Балабақша мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың

мектепалды сынып тәрбиешісінің кәсіби этикасы бойынша әдістемелік ұсынымдар

https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/10/mr_etica_06.pdf

- Жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу бойынша әдістемелік ұсынымдар
<https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/11/r1026.pdf>

10. ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН МОБИЛЬДІ ТОПТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУ

Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудың тиімді тетіктерінің бірі – құзыреттілік орталықтары мен мобильді топтарды дамыту. Бұл құрылымдар сапалы білім беру қызметтеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге, озат педагогикалық тәжірибені таратуға және мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Құзыреттілік орталықтары мектепке дейінгі білім берудің үздік тәжірибелерін жинақтау, әзірлеу және тарату алаңы ретінде қызмет етеді. Олар педагогтерді оқытуды ұйымдастырады, семинарлар, шеберлік сыныптары, тағылымдамалар мен консультациялар өткізеді, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізуге ықпал етеді.

Құзыреттілік орталықтарының жалпы саны 408 құрайды, олардың ішінде:

✓ қалалық жерлерде – 230 құзыреттілік орталықтары, ауылдық жерлерде – 178 құзыреттілік орталықтары;

✓ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар базасында – 375, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар базасында – 33.

2026 жылдың алты айы бойынша құзыреттілік орталықтары 1985 іс-шара өткізді. Құзыреттілік орталықтарының іс-шараларымен қамтылған педагогтердің жалпы саны – 40 510 адамды құрады.

Мобильді топтар мектепке дейінгі ұйымдарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсетеді. Олардың қызметі тәрбиелеу-білім беру процесіндегі мәселелерді уақтылы анықтауға және шешуге, педагогтерге заманауи білім беру технологияларын енгізу мәселелерінде қолдау көрсетуге, сондай-ақ әрбір баланы оның тұрғылықты жеріне қарамастан жан-жақты дамуы үшін жайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Өңірлердегі мобильді топтардың құрамына кіретін қызметкерлердің жалпы саны - 3 014 адамды құрайды. Әдістемелік көмек көрсету мақсатында мобильді топтар 2026 жылдың 6 айы бойынша 1875 МДҰ-ға барды, онда республиканың МДҰ - ның 48 929 педагогі қамтылған 1630 іс-шара өткізілді.

Мобильді топтар мен құзыреттілік орталықтарының қызметі:

- ✓ педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға;
- ✓ қалалық және ауылдық МДҰ арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқартуға;
- ✓ оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістемелерін енгізуге;
- ✓ мектепке дейінгі ұйымдарды әдістемелік сүйемелдеу жүйесін жетілдіруге;
- ✓ балалармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыруға;
- ✓ мектепке дейінгі білім беру саласы қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

- ✓ **Бұл маңызды!**
- ✓ Әдістемелік материалдарды басылылыққа алу ұсынылады:
- ✓ - Құзыреттілік орталықтары мен «өсу нүктелерінің» қызметін сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар
<https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2025/5/d-k02.pdf>
- ✓ - Әдістемелік кабинеттер/орталықтар жанында мобильді топтарды ұйымдастыру және олардың қызметі бойынша әдістемелік ұсынымдар
<https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/07/999.pdf>
- ✓

11. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУМЕН ҚАМТЫЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз етудің тиімді тетіктерінің бірі – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған консультациялық пункттердің қызметін дамыту.

Консультациялық пункттер үй жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсетеді.

Консультациялық пункттер мектепке дейінгі ұйымдардың базасында жұмыс істейді және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылармен педагогтердің өзара іс-қимылының қолжетімді нысаны болып табылады. Олардың қызметі ата-аналарға баланы тәрбиелеу, оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және білім беру ұйымына қабылдануға дайындау мәселелері бойынша білікті көмек көрсетуге бағытталған.

Консультациялық пункттер қызметінің негізгі бағыттары:

- ата-аналарға мектеп жасына дейінгі балалардың жас және жеке даму ерекшеліктері мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;
- үй жағдайында баланың дамытушылық іс-әрекетін ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету;

– балалардың сөйлеу, танымдық, коммуникативтік, физикалық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту бойынша ұсынымдар беру;

– ата-аналарға жеке және топтық консультациялар, семинарлар, практикумдар, шеберлік сыныптары және өзара іс-қимылдың басқа да нысандарын өткізу;

– ата-аналарды мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту алу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру;

– баланың мектепке дейінгі ұйым жағдайына бейімделуі және одан әрі оқуы мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;

– әдістемелік көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында цифрлық ресурстарды және қашықтан консультация беру нысандарын пайдалану;

– бала мен отбасына кешенді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында мамандармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

Консультациялық пункттер қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ата-аналардың жеке сұраныстарын, сондай-ақ балалардың жас ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, олармен жұмыс істеудің мазмұны мен нысандарын жетілдіру қажет.

Консультациялық пункттердің жұмысы жүйелі, атаулы және практикалық бағытта болуы тиіс. Бұл ретте жұмыс тек ата-аналарды ақпараттандырумен шектелмей, нақты ұсынымдар мен практикалық материалдар ұсынуды, сондай-ақ туындаған мәселелерді шешуде отбасына қолдау көрсетуді көздеуі қажет.

Консультациялық пункттердің жұмыс істеуі мен дамуы:

– ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық құзыреттілігін арттыруға;

– мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық-әдістемелік көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

– баланың тұрғылықты жеріне және мектепке дейінгі ұйымға баруына қарамастан, оның толыққанды дамуына тең мүмкіндіктер жасауға;

– мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамытуға қатысты заманауи тәсілдерді таратуға;

– балалардың білім беру қажеттіліктерін уақтылы анықтауға ықпал етеді.

Консультациялық пункттердің қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында оларды ұйымдастыру мен жұмыс мазмұнына бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету, консультация берудің цифрлық нысандарын кеңейту, сондай-ақ отбасыларға консультациялық қолдау көрсететін педагогтер мен мамандардың кәсіби даярлығын арттыру қажет.

Бұл маңызды!

Әдістемелік материалдарды басылылыққа алу ұсынылады:

Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2024/r%2b17.pdf

Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өткізу ұсынылады:

1. *«Кішкентай құтқарушылар академиясы» квест-ойыны*

Балалар келесі бекеттерден өтеді:

- «Қауіпсіз үй» (қауіпті және қауіпсіз заттар);
 - «Бағдаршам» (ЖҚЕ);
 - «Орман жолы» (табиғаттағы қауіпсіздік);
 - «112 қызметі» (жедел қызметтер);
 - «Досыңа көмек көрсет» (жарақат алған кезде қарапайым әрекет ету).
- Соңында қатысушыларға «Кішкентай құтқарушы» куәлігі беріледі.

2. *Қауіпсіздік мамандарының күні*

Полиция, жедел жәрдем, өрт сөндіру және құтқару қызметінің мамандарын шақыру.

Балалар:

- арнайы техника түрлерімен танысады;
- қызметтік киімді киеді және жабдықтардың элементтерін қолданады;
- шағын жаттығуларға қатысады;
- мамандарға сұрақтар қояды.

3. *«Қауіпсіздік өзімнен басталады» интерактивті фестивалі*

Аландар:

- велоқалашық;
- өрт сөндіру зертханасы;
- жаяу жүргіншілер мектебі;
- денсаулық аралы;
- қауіпсіздік театры.

Әр топ өз алаңын таныстырады.

4. *VR немесе «Қауіпсіз әлем» мультимедиялық саяхат*

Интерактивті панель, проектор немесе планшеттерді қолдану

Балалар проблемалық жағдаяттарды шешеді:

- дүкенде адасып қалу;
- бейтаныс затты көру;
- жаңбырдың жаууы немесе күннің күркіреуі;
- бейтаныс адамның сыйлық ұсынуы.

5. *«Қауіпсіз әдеттер апталығы» челленджі*

Әр күн белгілі бір тақырыпқа арналады:

- Дүйсенбі — үйдегі қауіпсіздік;
- Сейсенбі — жолдағы қауіпсіздік;
- Сәрсенбі — денсаулық пен гигиена;
- Бейсенбі — табиғаттағы қауіпсіздік;
- Жұма — қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіздік.

Тапсырмаларды орындағаны үшін балалар стикерлер немесе жетондар алады.

6. «Егер....не істеу керек?» жаздыаттар театры

Балалар мынадай:

- үйде жалғыз қалғанда;
- дәрі тауып алған кезде;
- адасып қалғанда;
- түтін көргенде;
- бейтаныс адамды кездестірген жағдайдағы көріністерді ойнайды.

Әр көріністен кейін әрекет ету нұсқалары талқыланады.

7. 4, 5 жастағы балаларға арналған QR-квест

Балабақша аумағына QR-кодтар орналастырылады.

Оларды сканерлегеннен кейін балалар:

- жұмбақтар;
- тапсырмалар;
- қауіпті жағдаяттар бейнеленген суреттерді алады

Бұл QR-квест цифрлық сауаттылықты және қауіпсіздік негіздерін үйретуді ұштастырады.

8. «Қауіпсіз бағыт» акциясы

Ата-аналармен бірге:

- «Үй – балабақша» бағытын құрастыру;
- қауіпсіз және қауіпті жерлердің (орындардың) фотоколлажын жасау;
- баланың ойлауы бойынша аудан картасын әзірлеу.

9. «Неге бұл қауіпті?» STEM-зертханасы

Қарапайым тәжірибе жасау:

- неге сіріңкемен ойнауға болмайды;
- неліктен мұз тайғанақ болады;
- жарық түсіретін заттар не үшін қажет;
- неге қолды жуу маңызды.

Бақылау арқылы балалар қорытынды жасайды.

10. «Мен қауіпсіздік ережелерін білемін» кішкентай сарапшылар форумы

Балалар конференциясының форматы:

- балалар шағын презентациялар дайындайды;
- қауіпсіздік ережелері туралы әңгімелейді;
- плакаттарды, макеттер мен суреттерді таныстырады.

11. «Айналадағы қауіпсіздік» отбасылық жоба

Ата-аналар балаларымен бірге қысқа бейнероликтер түсіреді:

- «Мен көлікте қауіпсіздік белдігін тағамын»;
- «Қауіпсіз серуен»;
- «Тұрмыстық техника құралдарынан абай бол!».

Түсірілген бейнероликтерден ортақ фильм жасауға болады.

12. «Тапсырма орындау» ойыны

Балаларға арналған шытырман оқиғалы шоуларға ұқсас заманауи формат.

Командалар келесі тапсырмаларды орындайды:

- суреттен қауіпті жағдайды табу;
- көмекті дұрыс шақыру;
- алғашқы көмек көрсету қобдишасын жинау;
- жол белгілері бойынша бағыттардан өту.

Ойын технологиялары негізінде денсаулық мәдениетін қалыптастыру
Валеологиялық квесттер мен шытырман оқиғалы ойындар

Балалардың денсаулық туралы алған білімдерін практикалық әрекет арқылы бекіту үшін «Денсаулық формуласын іздеу», «Тазалық патшалығын құтқару» сияқты квесттер ұйымдастыруға болады. Балалар әртүрлі бекеттерден өту барысында пайдалы және зиянды азық-түліктерді ажыратуды үйренеді, жол белгілерін таниды, тапсырмалар орындайды, кедергілер жолағынан өтеді. Мұндай әрекет танымдық белсенділікті, логикалық ойлауды дамытуға және өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға ықпал етеді.

Иммерсивті ертегілер мен плейбэк-театр

Балалар интерактивті театрландырылған қойылымдардың белсенді қатысушылары болады. Олар дәрумендер, пайдалы бактериялар немесе денсаулық қорғаушылары бейнесіне еніп, зиянды микробтармен күреседі. Қойылым барысында қолды жуу, дұрыс тамақтану, дене жаттығуларын орындау дағдылары және басқа да пайдалы әдеттер бекітіледі.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша челленджер (ойын элементтерімен)

Топ ішінде «Таза қолдар турнирі», «Дәрумендер аптасы», «Белсенді бала марафоны» сияқты челленджерді ұйымдастыруға болады. Әрбір пайдалы әрекетті орындағаны үшін (су ішу, жаттығу жасау, көкөніс салатын жеу және т.б.) бала жетістіктер картасына белгі немесе жапсырма (стикер) алады. Бұл балалардың ынтасын арттыруға және өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

- Жобалау және зерттеу әрекеті (STEM/STEAM элементтерімен)

«Кішкентай профессор» балалар зертханасы

Балаларда зерттеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында қарапайым және қолжетімді тәжірибелер ұйымдастырылады.

«Тазалық — денсаулық кепілі» тәжірибесі

Балалар микробтардың таралуын көру үшін бірнеше күн бойы таза және лас қолмен ұстаған нан немесе жеміс бөліктерін бақылайды. Бұл жеке гигиена ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

«Қанттың құпиясы» тәжірибе жасау

Газдалған сусындар мен шырындардағы қант мөлшері қант текшелері арқылы көрсетіледі. Балалар тәттілерді шамадан тыс тұтынудың адам ағзасына әсері туралы бастапқы түсініктер алады.

Экологиялық жоба «Тұқымнан дастарханға дейін»

Балабақшада шағын бақшалар ұйымдастырылады. Балалар көкөністер (жасыл пияз, ақжелкен, аскөк) өсіріп, оларға күтім жасайды және өнімін жинайды. Өсірілген өнімді тамақтануда пайдалану пайдалы азық-түліктерге қызығушылықты қалыптастыруға ықпал етеді.

- Заманауи фитнес-технологиялар және эмоционалдық әл-ауқат

Балалар плоггингі (эко-фитнес)

Серуен кезінде балабақша аумағында қоқыс жинау ұйымдастырылады. Мұндай әрекет балалардың қимыл белсенділігін арттырып қана қоймай, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

Балаларға арналған йога және ертегі стретчингі

Созылуды және икемділікті дамытуға арналған жаттығулар ойын түрінде өткізіледі. Балалар сәйкес қимылдарды орындай отырып, жануарларды («мысық», «бақа», «ағаш» және т.б.) бейнелейді.

Зейінді шоғырландыру сәті және нейрогимнастика

Тыныс алу жаттығулары («гүлді иіскеу», «шамды үрлеу») және саусақ жаттығулары эмоционалды жағдайды реттеуге, зейінді шоғырландыруға және шаршауды басуға көмектеседі.

- Цифрлық және медиатеchnологиялар

Денсаулық тақырыбындағы балаларға арналған бейнероликтер мен мультфильмдер

Балалар «денсаулық тілшілері» немесе «пайдалы тағам дайындау шеберлері» рөлінде шағын бейнероликтерге түседі. Мысалы: «Тісті қалай дұрыс тазалау керек?», «Пайдалы таңғы ас дайындаймыз» және басқалар.

Мультимедиялық сергіту сәттері

Интерактивті экрандар немесе проекциялық технологияларды қолдана отырып, ойналатын қимылды ойындар балалардың қимыл белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Балалар виртуалды кедергілерден өтеді, дәрумендер жинайды және түрлі ойын тапсырмаларын орындайды.

- Отбасымен өзара ынтымақтастық: «Healthy-Fest» отбасылық денсаулық фестивалі

Салауатты өмір салтын отбасылық құндылыққа айналдыру мақсатында ата-аналардың қатысуымен фестиваль ұйымдастырылады:

«Пайдалы десерт» отбасылық аспаздық байқауы;

отбасымен жаттығу жасау және дене жаттығулары бойынша шеберлік сыныптары;

дұрыс дене бітімін қалыптастыру және табанға күтім жасау бойынша практикалық сабақтар;

«Біздің белсенді демалысымыз» фотокөрме;

Денсаулық күнін және спорттық эстафеталар өткізу.

Рекомендовано решением Научно-методического совета РГУ «Институт раннего развития детей» Министерства просвещения Республики Казахстан *(протокол №7 от 25.06.2026 года)*

Инструктивно-методическое письмо по организации воспитательно-образовательного процесса в дошкольных организациях и предшкольных классах общеобразовательных школ, лицеев и гимназий Республики Казахстан на 2026-2027 учебный год, г.Астана 2026 г. - 83 л.

Инструктивно-методическое письмо на 2026-2027 учебный год предназначено для руководителей, методистов и педагогов дошкольных организаций независимо от видов, форм собственности и ведомственной подчиненности, а также для руководителей, заместителей руководителей по учебной части и педагогов предшкольных классов общеобразовательных школ, лицеев и гимназий.

Институт раннего развития детей, 2026 г.

СОДЕРЖАНИЕ

1	Введение Нормативно – правовая база	46
2	Обеспечение безопасности	51
3	Организация воспитательно-образовательного процесса	52
4	В дошкольных организациях	52
	В разновозрастных группах	54
	Мониторинг по усвоению содержания Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения	55
	Психолого-педагогическая поддержка детей с особыми образовательными потребностями	56
	Развитие навыков слушания, понимания, связной речи, словарного запаса и культуры речевого общения	58
	Создание естественной языковой среды для изучения и практического применения казахского языка в рамках масштабирования программы «Тілге бойлау»	61
	Приобщение воспитанников к здоровому образу жизни	62
	Применение цифровых ресурсов и технологий	62
	Организация мероприятий (праздники, утренники, развлечения, досуги)	64
5	Предшкольная подготовка	66
	Организация предшкольной подготовки	66
	Преемственность дошкольного и начального образования	68
	Краткосрочная программа предшкольной подготовки «Балақайлар мектебі»	69
6	Формирование экологической культуры детей дошкольного возраста в рамках концепции «Таза Қазақстан»	69
7	Реализация принципов идеологии «Закон и порядок», направленных на воспитание ответственной и законопослушной личности	71
8	Профилактика буллинга и обеспечение эмоционального благополучия детей дошкольного возраста	73
9	Ранняя профориентация воспитанников «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу»;	74
10	Обеспечение академической честности	75
11	Совершенствование деятельности центров компетенций и мобильных групп	76
12	Совершенствование деятельности консультационных пунктов для родителей детей, не охваченных дошкольным воспитанием и обучением	78
13	Приложение 1	80
